



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№88
(2153)
Сенбі
7 қазан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРІ КЕЛДІ



Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Молдиярұлы Нұржігітов Қазалы ауданына сапары кезінде Басықара аулындағы Ә.Тыныбаев атындағы су торабына арнайы барды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев министрді ауданның су шаруашылығы жағдайымен таныстырды. Сондай-

ақ ауданның егін жинау жұмыстарының барысына тоқталды.

Одан соң Ә.Тыныбаев атындағы су торабының бастығы Болат Әсербаев өндірістік учаскенің жұмысы жайында баянда-са, «Қазалысушар» өндірістік учаскесі бастығының орын-басары Нұрлан Жанилов аудандағы су жүйелері сыз-басын арнайы дайындалған стенд арқылы көрсетті.

Нұржан Молдиярұлы жұмыс сапары кезінде аудандағы су шаруашылығы мамандарымен пікір алмасып, салаға қатысты алдағы жоспарларымен бөлісті.

Айта кетейік, министрмен бірге ауданға облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Құрманбаев, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының басшысы Рол-

лан Ахметов, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Зейнолла Қазтуғанов, «Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қорының директоры Болат Бекниязов келді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ



Әйтеке би кентіндегі Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстаз – ұлттың айнасы» атты мерекелік шара өтті. Шараға ау-

дан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтады.

«Барлық мамандық иесі ұстаздан тәлім-тәрбие алады. Ұстаз ең қасиетті,

қастерлі мамандық. Еліміздің болашағы жолында аянбай істеген жұмыстарыңыз үшін бас иеміз», - деді аудан басшысы.

Шарада ұстаздар оқу ағарту ісінің арнайы дипломымен, «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысының, Қазалы ауданы әкімінің алғыс хатымен, Қызылорда облыстық білім басқармасының, «AMANAT» партиясының облыстық филиалының алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік шара әрі қарай мектеп өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

●Баспасөз - 2024

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің
редакциясы

ҚЫРМАН БАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТЫҢ ҚЫЗҒАН ШАҒЫ

Қамбаны дөнге толтыруға кіріскен қазалылық шаруалар күн-түн демей, бел жазбастан даладағы еңбек көрігін қыздыруда. Солардың қатарында «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де бар.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев серіктестіктің қырманымен Қазалықаласында орналасқан

күріш өңдеу зауытының жұмысымен танысты.

Шаруашылық басшысы Мерей Есқожаевтың айтуынша биыл серіктестік 750 гектар жерге күріш еккен. Қазір 480 гектары орылып, 350 гектары бастырылған.

Мерей Есқожаев басшылық жасайтын зауытта бір күнде күріштің «Лидер», «Янтарь»

сорттарынан 20 тоннадан астам ақ күріш өңделіп шығарылады.

Зауыттың ерекшелігі күрішті ақтаумен қатар, қауызын ұнтақтап, мал шаруашылығы үшін жем өнімдерін шығаруға бейімделген. Зауыт бүгінде 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Айтакетейік, «Агро-Өркен»

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі биыл 1707 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын, оның ішінде 750 гектар күріш, 145 гектар бидай, 257 гектар жаңа жоңышқа, 555 гектар ескі жоңышқа еккен.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ ЖАЙЛЫ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы бойынша мектептерге балалардың дені сау, жан-жақты жетілген азамат болып қалыптасуы үшін белгіленген санитарлық талаптар қойылады.

Мектептердің аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілерді орналастыруға жол берілмейді. Мектеп ауласы таза ұсталып, арамшөптерден арылып, аяқ және автожолдар зақымданбай, тазалауға қолжетімді қатты жабынмен жабылуы тиіс. Барлық үй-жайлардағы еденнің, төбенің, қабырғалардың беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс. Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары сабақ басталғанға дейін аяқталуы керек. Оқушылар бар кезде апатты жағдайларды жоюды қоспағанда жөндеу жұмыстары жүргізілмейді. Объектілерде орталықтандырылған шаруашылық ауыз сумен, ыстық сумен жабдықталып, су бұру көзделеді және олар жарамды жағдайда болуы тиіс. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін объекті басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады. Ойын және спорт алаңдарының жабдықтарын қоса алғанда, жиһаз бен жабдық білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойына және жасына сәйкес келуі керек. Спорт, ойын жабдығы жарамды күйде ұсталады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін сатып алынған өнімдердің (ойыншықтар, аяқ киім, киім, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және

жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, парфюмерлік-косметикалық өнім, жиһаз) сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы тиіс.

Мектеп асханасында перспективалық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық ас мәзірі жасалады. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы, жас санаты ескеріледі, витаминдік-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді. Тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар қоғамдық тамақтану ұйымында сақталады. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау температурасы төмен тоңазыту жабдықтарында және (немесе) тоңазыту камераларында және (немесе) тоңазытқыштарда жүзеге асырылады. Тоңазытқыштарға температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Білім беру объектілерінің қызметкерлері жұмысқа кірісер алдында және жыл сайын бекітілген ереже бойынша кезекті дәрігерлік байқаудан өтулері және жұмысқа түсуге рұқсат алулары тиіс.

Үй-жайларды жинауға қойылатын талаптар

Залдарды күн сайын рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жинау жүргізіледі. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыстың барлық түрлерін ылғал өткізбейтін, бүтіндігі бұзылмаған қолғаптармен орындау керек. Дезинфекция жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарында вирустық инфекциялар кезінде объектілерді зарарсыздандыру режимдері көрсетілген дезинфекциялау құралдары

мынадай жиілікпен қолданылады:

- тамақтану залының едендері, сауда сөрелері – күніне 2 рет таңертең және кешке;

- подностар, тамақ тарату лентасы, есік тұтқалары, кас-са аппараттары, банк терминалы – сағат сайын;

- қоғамдық санитариялық тораптар (еден, санитариялық-техникалық жабдықтар, соның ішінде крандардың вентильдері, унитаз бактарының су ағызатын жері), таяныштар, лифт батырмалары – күніне 3 рет;

Жинауға арналған мүкәммал жинау жүргізілгеннен кейін міндетті түрде дезинфекциялауға жатады. Дезинфекциялау үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген құралдар қолданылады. Дезинфекция жүргізген кезде препараттың нұсқаулығына сәйкес дезинфекциялау құралының экспозиция уақытын (яғни дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің өңделетін объектінің бетінде болу уақыты) және жұмыс ерітіндісінің шоғырлануын қатаң сақтау керек. Өңдеуден кейін бетті сумен жуады және қағаз сүлгілердің немесе бір рет қолданылатын сулықтардың (шүберектер) көмегімен кептіреді. Дезинфекциялау құралын пайдалану регламенті жекелеген дезинфекциялау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген, онда дезинфек-

циялау құралын экспозициясынан кейін жуу қажеттілігі немесе қажеттілігінің жоқтығы түсіндіріледі. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) есіктердің тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтактарын), тамақтанатын залға (асханаға) кіретін жердегі қол жууға арналған раковиналарды, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелерін дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сүрту арқылы дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды ылғалды жинауды жүргізеді. Әрбір объектіде есепті қажеттілікке қарай шүберектің, жинау мүкәммалының, дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қоры жасалады. Дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасын балалардың қолы жетпейтін арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде, тығыз жауып сақтайды. Дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу кезіндегі сақтық шаралары және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек әрбір нақты дезинфекциялау құралдары үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

Жаңа оқу жылындағы басты міндет – мектептерде инфекцияның таралуына жол бермеу. Бұл үшін білім беру мекемелеріндегі санитарлық эпидемиологиялық ережелер оқу жылы бойы қатаң сақталуы керек.

**Г.Т.МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы**

ӨЗ ІСІНІҢ МАЙТАЛМАН ШЕБЕРІ БОЛҒАН



Ауданымыздың ардагер ақсақалы, бұрынғы аудандық радио торабының майталман шебері, «Құрметті радист» атағын екі рет алған Ордабай Қопабайұлы Аяпбергеновтың есімі көпшілікке жете таныс.

Ордабайдың бабасы Қаратай ақсақал өзі өскен ортада беделді, іскер, тапқыр, өте батыл, айтқанынан қайтпайтын қайсар, алғыр, ізденімпаз жан болған көрінеді. Ел аузында, халық арасында оның емшілік қасиеті болғандығы айтылады. Ол ескіден сақталып келе жатқан тобылғы сапты қамшысымен науқас жандарға ем-дом жасайтындығын халық осы кезге дейін айтып жүреді.

Қаратай ақсақалдың Алладан тілеп алған бір ұл, бір қызы болған. Баласының аты Аяпберген, қызының аты Алтынсары. Ордабайдың атасы Аяпберген Арал теңізі жағалауында балық аулау кәсібімен айналысқан. Орекеңнің әкесі Қопабай балаларының үлкені, қарындасы Кәнігүл, інілері Жайлаубай, Торғай есімді бауырлары бар.

Арал теңізінің «Барсакелмес» аралында орналасқан сынақ алаңының зардабынан Арал ауданының елді мекендерінде көп адамдар азап шегіп, ауруға шалдыққан. Солардың қатарында Аяпберген отбасы да бар.

Ордабайдың әкесі Қопабай балықшы болған, теңізден балық аулап, балық зауытына өткізіп тіршілік жасаған.

Жылдарының адам төзгісіз ауыр кезеңінде бағып-қағу жалғыз анаға оңай болмады. Қасіретті күн, көз шырымын алмайтын тауқыметті түн сыйлады. Ана байғұс қиналса да, қимаса да Ордабайды балалар үйіне тапсырды.

Қолда қалған үш бала ауыр тұрмыстың азабына, індеттің қармағына басы байлы іліккен көрінеді.

Өкіметтің қамқорлығы ғана қаршадай Ордабайды ажалдан арашалап қалды. Балалар үйінде өткен жылдардың өмірінен алатын үлесі өз алдына бір төбе. Ата-ананың аяулы алақанын, мейірім шапағатын аңсаумен алға жылжыған уақыт Ордабайдың бойынан бұрын ойын өсірді. Тіршілік етудің тауқыметін былайғы жұрттан бұрын сезінді. Тағдыры бір, шаңырағы ортақ, талайлардың таңын атқызған, көзін ашып қолтығынан демеген үлкен үйдің бір баласы Ордабай Қопабайұлы Аяпбергенов болды. Белі бесіктен шықпай жатып тағдырдың қатал талқысына тап болған оның жастық өмірге құлшынысы тәуекелмен ұштасты. Көңілдің көк дөненін қамшылап, арына тырысты, текті жердің тұқымы екенін ұмытпай жетімдіктің қамытынан құтылғанша асықты.

Балалар үйінде тәрбиеленіп жүргенде атасы Аяпберген жалғыз немересін іздеп барып, күнделікті базарлығын апарып, балаларды қуанып

жүріп өмірден өткенше немересін көріп мауқын басып, Аллаға шүкір,- деп 97 жасында өмірден озған көрінеді.

Анасы да баласының жанында болуды шешті. Ордабай балалар үйінде тәрбиеленіп, 7 жылдық білім алғаннан кейін Қазалы ауданына келіп, анасының інісі Оңдаштың үйінде жатып №67 теміржол мектебінің 8-ші сыныбына оқуға барды. Анасымен ойласа келе Қазалы қаласындағы пансиондық интернатта жатып №17 мектепте оқуды жалғастырады.

Мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін комсомолдық жолдама арқылы Теміртау қаласындағы Магниткаға жұмысқа барады. Көптеген жайларды басынан өткізіп, өзі шешім қабылдап, аман-есен елге оралады.

Туған жерге келгеннен кейін, аудандық байланыс торабына хат тасушы қызметіне орналасады. 3-4 жыл жұмыс атқарғаннан кейін оның жұмысқа деген ынта-жігерін, жауапкершілігін байқаған мекеме басшылары Алматы қаласындағы байланысшылар даярлайтын училищеге оқуға жібереді. Оны бітіріп келгеннен кейін аудандық байланыс торабында әуелі радио монтері болып жұмыс істеп, аға электромонтер қызметіне көтеріледі.

О.Аяпбергенов аудандағы елді мекендердегі радио торабының ақаусыз жұмыс істеуіне тікелей жауап берді. Оған қоса дикторлықты қоғамдық жұмыс ретінде атқарды. Аудандық «Ленинтуы» газеті редакциясының радио хабарларын ұйымдастырушы-тілшісі Кеңес Арықбаевпен бірге аптасына екі рет аудан халқына радио хабарларын тарататын. Хабарды жүргізуде бір өзі оператор, дикторлық жұмыстарын қатар алып жүрді. Ауданның радио тыңдаушылары Ордабайды қазалының «Байжанбаевы» деп атаған. Оны Республиканың атақты дикторына теңеу қоғамдық жұмысқа қалтқысыз берілген жанның еңбегіне берілген әділ баға.

Орекең ағамыздың ерен еңбегі басшылар тарапынан лайықты бағаланып, аудандық партия, атқару комитеттерінің грамоталары, алғыс хаттары мен СССР

Байланыс министрлігінің екі рет «Құрметті радисі» төсбелгісімен, «Лениннің туғанына 100 жыл», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Орекең ұжымының қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Аудандық байланыс торабы кәсіподақ ұйымының төрағасы болды. Халықтың хал-жағдайын, құқығын қорғай жүріп қолынан келген көмегін аяған емес. Сонымен қатар аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары қойған «Жанқожа» спектакльінде «Бабажан» және «Кене хан» ролінде, «Қан мен тердегі» Сүйеу қарттың ролдерін ойнап, нағыз актерлік шеберлігін көрсетіп, лауреат атағын алған.

Ордабай ағамыздың журналистік, шығармашылық қабілетіне де тәнті боласыз. «Өмір өткелдері», «Кереметтей кездер мен кездесулер» атты кітабын баспадан шығарған. Сондай-ақ, Орекең араб елінің Мәдина шаһарына барып қағбаны көріп оған тәубе етіп келгеннен кейін кітапша етіп шығарған. «Өкінішсіз өткен өмір» атты шығармасын қызыға оқисыз.

Зоя жеңгеміз, аудандық байланыс торабында есепші болып көп жыл еңбек еткен. Дүниеге жеті бала, алты қыз, бір ұл әкеліп тәрбиелеп өсірген «Алтын алқа» иегері. Ол күйеуінің рухани сүйеніші, тілектес тілеулісі болуға тырысқан жан.

Ордабай аға зайыбымен 57 жылдан бері жарасымды жұбайлық өмірлерінде бірін-бірі тыңдап, бірін-бірі сыйлап құрметтеуден жаңылмаған.

Ұлы ұяда, қыздары қияда. Роза, Раушан, Райла, Рахила, Райкүл, Рысты отбасылы. Ұлы Райсбек шаңырақтың иесі, келіншегі Венера екеуі ата-анасын бағып-қағып отырған аяулы жандар.

Аяпбергеновтердің отбасы өсті-өнді. Жапырағы жайқалды. Ордабай жасында көрген бейнет пен жоқшылықтың Алладан келген өтеуі, жаратқанның берген жақсылығы деп ұғады. Ерлі-зайыпты екеуінен тараған ұл-қыздары отау құрып жолы ұзарған, келінді болып қолы ұзарған.

Жеткербай МАХАМБЕТ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

ҚАЗАЛЫ МЕДРЕСЕСІНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРИЫ



Құран-кәрім – Алла Тағала тарапынан адамзаттың екі дүниелік бақыты үшін жіберілген илаһи кітап. Құран 114 сүре, 6236 аяттан тұрады. Исламның қайнар бұлағы саналатын құран кәрімді толық өз мәнерімен нақышына сай жатқа оқитындарды қари деп атайды.

Қазалыда қарилар дайындайтын медресенің ашылғанына жыл толған жоқ. Діни медресе халықтың ауызбіршілігінің арқасында он бес айдың ішінде салынып пайдалануға берілді. Келесі жылы Алла қаласа медресенің пайдалануға берілгеніне бір жыл, орталық «Жанқожа батыр» мешітінің салынғанына он жыл Жанқожа батыр бабамыздың 250 жылдық тойымен бірге тойланғалы отыр. «Екі тойың қабат болсын» деген ата-бабамыздың тәмсіліне сай үш тойымыз қабаттасып тойланбақшы.

Жыл толмай жатып-ақ медресеміздің алғашқы шәкірттерінің бірі, 2006 жылы

туған, «Төретам» кентінің тумасы Айбек Бақытбекұлының қарилық дәрежеге жеткендігінің қасиетті жұма күні куәсі болдық.

Қасиетті құранды бастан аяқ жатқа оқып медресе ұстазы Аюров Исмайл Омарұлының сынағынан сүрінбей өткен 17 жасар жас қариға жұма күні мешіт жамағаты алдында «Жанқожа батыр» мешітінде сертификат тапсыру рәсімі болды.

Ауданның бас имамы Нұрдәулет Асқарұлы Қазалыдағы медреседен дәріс алып, қарилық дәрежеге жеткен Айбек Бақытбекұлына Алғыс хатпен, қарилық сертификатын табыстады.

Бас имам 20-дан астам шәкірттің қарилыққа талаптанып медреседе оқып жатқанын айтып, ұстаздары Исмайл қаридың еңбегін бағалап мешіт жамағаты атынан Умра қажылыққа жолдама табыстады.

Жас қаридың әкесі Айдаров Бақытбек бас имамға, медресе ұстазы Исмайл Омарұлына алғысын білдіріп, Исмайл қариға шапан жауып, жанұя мүшелері атынан қаржылай сыйлығын табыстады.

Бас мешіттің ондық алқа мүшелерінің жасы үлкені Беганыш Жақсыбай жас қаридың талабына сәттілік тілеп, мешіт жамағаты атынан ұстазына, тәрбиелеген ата-анасына рахметін айтып, қаржылай сыйлық табыстады.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
«Жанқожа батыр»
мешітінің баспасөз
хатшысы**

•Еске алу

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі спорт саласының ардагері, грек-рим күресінен КСРО спорт шебері, грек-рим күресінен бірнеше чемпиондарды тәрбиелеген білікті бапкер

КӨБЕГЕН САПАРБЕК ТӨЛЕГЕНҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

АСЫЛ АНАМ...

•Еске алу



Осыдан бір жыл бұрын біздің қабырғамызды қайыстырып, әулеттің анасы, немерешөберенің әжесі Сәдуқызы Гүлсара өмірден өтті.

Сәдуқызы Гүлсара 1948 жылы «Көларық» ауылдық кеңесіне қарасты Аманкелді бөлімшесінде шаруа отбасында өмірге келген. Ауылдағы бастауыш мектепті бітірген жылы отбасы Жаңақазалы поселкесіне қоныс аударады. Оқуын поселкедегі №420 мектепте жалғастырып, орта білім алып шығады.

1966 жылы отбасын құрып, «Бозкөл» тұтынушылар қоғамына қарасты «Кәукей» елді мекенінде көп жылдар бойы дүкен меңгерушісі болып қызмет істейді. Ауыл тұрғындарымен тіл табысып алғысқа бөленеді. Мекеме басшыларының мақтау-марапаттарына ие болады.

Жолдасы екеуі өмірге төрт перзент әкеліп, оларды

ержеткізіп, өсіріп, үйлендіріп, құдандалы-жекжатты болады. Немере-шөбере сүйіп, әже атанды.

Тағдырдың ісіне шара барма? 2022 жылы 75 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Өзіңді ойлап сағынумен жыл өтті,

Қайғы-мұңмен қалжыраттық жүректі.

Амал барма, тағдыр ісі осылай,

Асыланам, абзаланам тілекші. Айлар жылжып, күндер өтті арадан,

Мейіріңнен бізге жылу тараған, Періште боп бізді қорғап жүрсің бе?

Көк жүзінде жылуыңмен жананам.

Барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаранды, көрші-көлемді осы жылдың қазан айының 13-ші жұлдызында сағат 16:00-де өтетін молдасы мен 14-ші қазанда сағат 11:00-дегі бір жылдық садақасына шақырамыз.

Мекен-жайымыз: Әйтеке би кенті, М.Шоқай көшесі, №171 үй.

**Еске алушылар: жолдасы
Тілектес, балалары-келіндері:
Асқар-Роза, Мұхтар Әсия,
Мұхит-Әсия, Ғабит-Ақылзада,
немерелері:
Айбек, Нұрбек, Нұрсәуле,
Айсәуле,
Меруерт, Медеу, Әнел,
Аяулым, Ақерке, Жасмин,
Қарақат, Інжу, Ғазиз, Айсанан
шөберелері: Айару, Марлен,
Хан, Әзиз, Аяна**

•Боямасыз өмір

АТА, ӨЛСЕҢ ӨЛЕ БЕР...

Әйтеке би кентінің бұрынғы Партизан, қазіргі М.Өтемісұлы көшесінде тұратын Балғымбай есімді ағамыз болды. Ол әрдайым көңілді отыратын. Зілсіз әзілдескенді жақсы көретін. Бір күні көшемен жүріп бара жатып ағаға сәлем бердім.

Есігінің алдында көлеңкеде отыр екен. Амандық-саулық сұрасқан соң ағамыз:

—Інім үйде ешкім жоқ. Төрт жасар немерем Дініслам екеуміз қалдық. Үйдегілердің бәрі тойға кетті. Кешке келетін шығар. Дініслам қайта-қайта үйден қашып шығып балалармен ойнауға барады. Көшеде машина өте көп

жүреді. Содан да қорқамын. Жаңа да үйден зып беріп көшеге шықты.

Артынан барып «Дініслам –ау, ата-анаң саған атаңа қара, –деп тастап кеткен жоқ па? Әрі мен ауырыңқырап тұрмын. Үйде ешкім жоқта өліп қалсам қайтесің, –деп едім. Ата, өлсең өле бер, мен ойнауға кетіп бара жатырмын, –деп қарап тұр. Ал, оған не дерсің», –деп Балғымбай аға жымиып қойды.

Иманды болғыр Балғымбай ағамыз осыдан он шақты жыл бұрын 85 жасында өмірден өтті. Ал, Дініслам болса қазір 8-ші сынып оқушысы.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.